

ТЭРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сыныш	<b>Кіші топ</b>				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	<b>2-3 жасар балалар</b>				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың күрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	<b>03.10 - 07.10.2022 ж.</b>				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сарсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
Ата-аналармен	Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшага апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балага				

<b>әңгімелесу, кеңес беру</b>	қоршаған заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұраптарды қою ерекшеліктері".				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көніл аудару, қурап, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп, алып тастау әрекетіне көніл аудару; өсімдіктердің жасыл жапырақты болуын байқату; су құйғыш арқылы суаруды көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күннің көзінде тұрғанына көніл аудару; оған адам ғана емес, өсімдіктердің мұқтаж екенін байқату; өсімдіктердің жапырақтары күннің көзінде жылтырап тұрғанын байқату.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстарындағы топырақтың құрғақ болуына көніл аудару; өсімдіктердің күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету.	"Еңбекке баулу" Құрылым материалдардың қорапта жиналып тұрғанына көніл аудару; бөлшектер шашылса, қорапқа сыймайтынын байқату.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел үсті ойындар сөресінде шашылған бауларға көніл аудару; баулардың ойыншықтарда байланғаны әдемі болатыны туралы түсіндіру, іс-тәжірибеде көрсету.
<b>Саусақ жаттығуы. "Ұшты талдан жапырақ".</b>	<b>Саусақ жаттығуы. "Сары күнге үксап".</b> Мақсаты. Балада жапырақтардың жерге түсін туралы ұғымдарын қалыптастыру, тілін, қолдың моторикасын; жаттығуларды жасауда жағымды	<b>Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".</b> Мақсаты. Балаларға күз мезгілі жөнінде ұғымдарды қалыптастыра бастау; тілін, қолдың моторикасын; жаттығуларды жасауда жағымды	<b>Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".</b> Мақсаты. Балаларды педагогтің соңынан қимылдарды саусақтарымен жасауға, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру.	<b>Пішін салғыш ойыншықпен ойын.</b> Мақсаты. Балаларды геометриялық пішіндерді өлшемдеріне сай ойықтарға салуға ынталандыру; ойлау қабілеттерін, қолдың моторикасын дамыту.	<b>Байлау ойыншығымен ойнату.</b> Мақсаты. Балаларды бау байлауға үрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдар: байлау ойыншықтары.

	<p>жасауда жағымды эмоцияларга беленуге ынталандыру.</p> <p>Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. М. Әлімбаев</p>	<p>эмоцияларга беленуге ынталандыру</p> <p>- Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты онға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).</p> <p>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там- там" (алақанды саусақпен соғу).</p>	<p>тұрмайық, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау)</p> <p>Қолға шатыр алайық (шапалақтау)</p> <p>Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау)</p> <p>Жамылып, отырайық (алақандармен бас төбесін жабу). Д. Ахметова</p>	<p>- Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын жинайық, Ұяларға сай салайық.</p>	<p>- Бауларды ұштарынан алайық, Көздерге өткізіп, байлайық.</p>
Таңертенгі жаттығу	<p><b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қымыл белсенділігі)</b></p> <p>1 – Бастапқы қалып – негізгі тұрыс, қолды төмен түсіріп тұру.</p> <p>1.1. – қолды жан-жаққа созып, жоғары көтеріп, саусақтарды қымылдатып, "Жалауды желбірейік" деп айту, демді ішке тарту.</p> <p>1.2. – қолды төмен түсіру, демді сыртқа шығару (3 рет қайталау).</p> <p>2. Бастапқы қалып – аяқтарды сәл алшақ қойып, қолдарды төмен түсіріп тұру.</p> <p>2.1. – басты онға иіп, қолды екі жаққа жіберу, жалауларды желбірету.</p> <p>2.2. – Бастапқы қалыпқа оралу.</p> <p>2..3. – басты солға иіп, қолды сырғытып төмен түсіріп, жалаулардың басын жоғары қаратып тік ұстай.</p> <p>2.4. – Бастапқы қалыпқа оралу (3 рет қайталау).</p> <p>3. Бастапқы қалып – аяқтарды бірге қойып, қолдарды төмен түсіріп тұру.</p> <p>3.1. – жерге отырып, қолды жанына қою, жалауларды желбірету.</p>				

	<p>3.2. – Бастапқы қалыпта келу.</p> <p>3.3. – жерге отырып, қолды алға жіберу, жалауларды желбірету.</p> <p>3.4. – Бастапқы қалыпта келу (3 рет қайталау).</p>					
<b>Танғы ас</b>	<p>Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау</b>)</p> <p>- Қасығымыз қайда?</p> <p>Табақшамыз қайда?</p> <p>Өзіме жақын тартайық,</p> <p>Тамақты тауысып алайық.</p> <p>Д. Ахметова</p>					
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділіктे жағымды эмоциялық ахуалда аудысу үшін бәсеке деу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау</b>)</p> <p>- Қош келдің, Алтын күз!</p> <p>Алтын жапырақты күз!</p> <p>Біздің қолдарымыз жапырақтардай.</p> <p>Қолдарымызбен ойнаймыз былай, былай.</p>					
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 25%; padding: 5px;"><b>Дене шынықтыру.</b> "Әдемі, салтанатты адым жасайық".</td> <td style="width: 25%; padding: 5px;"><b>Музыка.</b> "Ару күз". Мақсаты. Балалардың жаңбыр туралы әнді тыңдауға қызығушылығын арттыру; әнді тыңдалап, сипатын ажыратса білуге үйрету; музика</td> <td style="width: 25%; padding: 5px;"><b>Дене шынықтыру.</b> "Тізені жоғары көтеріп жүрейік". Мақсаты. Балаларды тізені жоғары көтеріп жүру, тізені жоғары көтеріп, адымдау арқылы дене қимылдарын жетілдіру; тізені</td> <td style="width: 25%; padding: 5px;"><b>Дене шынықтыру.</b> "Еңбектеп жеміс жинайық". Мақсаты. Балаларды қатар қойылған заттар арасымен еңбектеуге үйрету; еңбектеу жаттығуларын жасауға деген</td> <td style="width: 25%; padding: 5px;"><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу.</b> "Үлкен және кішкентай сәбіздер". Мақсаты. Балаларды берілген ермексаздың бөлігін алақанға салып жылдыту, илеу, алақанмен үйкелеу</td> </tr> </table>	<b>Дене шынықтыру.</b> "Әдемі, салтанатты адым жасайық".	<b>Музыка.</b> "Ару күз". Мақсаты. Балалардың жаңбыр туралы әнді тыңдауға қызығушылығын арттыру; әнді тыңдалап, сипатын ажыратса білуге үйрету; музика	<b>Дене шынықтыру.</b> "Тізені жоғары көтеріп жүрейік". Мақсаты. Балаларды тізені жоғары көтеріп жүру, тізені жоғары көтеріп, адымдау арқылы дене қимылдарын жетілдіру; тізені	<b>Дене шынықтыру.</b> "Еңбектеп жеміс жинайық". Мақсаты. Балаларды қатар қойылған заттар арасымен еңбектеуге үйрету; еңбектеу жаттығуларын жасауға деген	<b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу.</b> "Үлкен және кішкентай сәбіздер". Мақсаты. Балаларды берілген ермексаздың бөлігін алақанға салып жылдыту, илеу, алақанмен үйкелеу
<b>Дене шынықтыру.</b> "Әдемі, салтанатты адым жасайық".	<b>Музыка.</b> "Ару күз". Мақсаты. Балалардың жаңбыр туралы әнді тыңдауға қызығушылығын арттыру; әнді тыңдалап, сипатын ажыратса білуге үйрету; музика	<b>Дене шынықтыру.</b> "Тізені жоғары көтеріп жүрейік". Мақсаты. Балаларды тізені жоғары көтеріп жүру, тізені жоғары көтеріп, адымдау арқылы дене қимылдарын жетілдіру; тізені	<b>Дене шынықтыру.</b> "Еңбектеп жеміс жинайық". Мақсаты. Балаларды қатар қойылған заттар арасымен еңбектеуге үйрету; еңбектеу жаттығуларын жасауға деген	<b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу.</b> "Үлкен және кішкентай сәбіздер". Мақсаты. Балаларды берілген ермексаздың бөлігін алақанға салып жылдыту, илеу, алақанмен үйкелеу		

	<p>қымылдарын жетілдіру; тізені жоғары көтеріп жүру арқылы балалардың жылдамдық қабілеттерін дамыту; тізе жаттығуларын жасату кезінде ағзасын жетілдіру; эмоциялық көңіл күйлерін көтеру; балаларды шапшаңдық қабілеттерін тез игере білуге баулу; дene жаттығуларын жасауда тазалыққа және ұқыптылыққа, себетке алмаларды жинап беру, көмектесуге тәрбиелеу.</p> <p>"Жалаушаны әкел" қымыл ойыны.</p>	<p>әуенімен ырғақтық қымылдарды қайталаій білуге машықтандыру; әнді ести отырып, ілесе айта біту дағдыларын жетілдіру; күз кереметтерімен таныстыру.</p> <p>Балалардың музыкалық шығарманы қабылдау қабілетін дамыту; дыбысты тыңдалап, ажырата білу дағдыларына үйрету;</p> <p>ырғақтық қымылды қайталаій білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>"Күз аруы қайда?" ойыны.</p> <p><b>Сенсорикадан ойын-жаттығу.</b></p> <p>"Жапырақтар".</p> <p>Мақсаты. Балаларды біркелкі заттар мен</p>	<p>жоғары көтеріп жүру арқылы балалардың жылдамдық қабілеттерін дамыту; балалардың эмоциялық көңіл - күйлерін көтеру; балаларды шапшаңдық қабілеттерін тез игере білуге баулу; дene жаттығуларын жасауда тазалыққа себетке жемістерді жинап беру, көмектесуге тәрбиелеу.</p> <p>"Мен нұсқаймын"</p> <p>қымыл ойыны.</p>	<p>бейімділіктерін қалыптастыра отырып, еңбектеудегі дене қымыл ерекшеліктерін менгерту. Заттар арасымен еңбектеу қабілетін дамыту; еңбектеу техникасын үйретуде жаңа қымылдармен таныстыру;</p> <p>балалардың тілдік қоры мен эмоциялық көңіл күйлерін дамыту.</p> <p>"Еңбектеп жеміс жинайық" ойыны.</p>	<p>төсілдерімен таныстыра отырып, таяқша пішінін "сәбізді" жасауға үйрету; алақанмен жұмыс жасауға жаттықтыру;</p> <p>балаларға сәбіздің көгеніске жататыны және күзде пісетіні туралы түсініктер беру. Қолдың ұсақ моторикасын, тұс пен пішінді қабылдауын, байқағыштығы мен зейінін дамыту.</p> <p>Ауада мұсіндеу жаттығуы.</p> <p><b>Коршаган ортамен таныстырудан ойын-жаттығу.</b></p> <p>"Қош келдің, Алтын күзI"</p> <p>Мақсаты.</p> <p>Балалардың күз құбылыстары және ерекшеліктері</p>
--	--	---	---	--	--

	<p>геометриялық пішіндерді ортақ пішініне қарай біріктіруге және ажыратуға үйрету; пішіндер қасиеттерін қоршаған ортадағы заттар арасынан тауып алып, бөлуге жаттықтыру; пішіндерді, ұлгіге немесе сөздік нұсқамаға сүйеніп, ортак қасиеттер бойынша біріктіру, бөлу тапсырмаларын орындауға дағдыландыру; айырмашылығы мен ұқсастығы жақын пішіндерді (домалақ пен сопақша) салыстыра білу қабілеттерін қалыптастыру. "Пішіндерді үйшіктеріне сал" ойын-жаттығуы.</p>		<p>арқылы зейінін, қабылдауын, тілін және түйсігін дамыту. "Күз сыйлары" дамытушы жаттығуы.</p>
--	--	--	---

<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атаяны есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды өз киімдерін тануға, атаяуға, өз шкафын таңбалашуыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
<b>Серуен</b>	<p><b>Жапырақтарды бақылау.</b> Мақсаты. Балалардың көнілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсу күбылдысын байқату; күз күбылдыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, мына ағаштардан нені көріп тұрсындар?</li> <li>- Жарайсындар, бұл жапырақтар.</li> <li>- Жапырақтар жасыл ма?</li> <li>- Жапырақтар сары.</li> </ul> <p>Педагог түсіп</p>	<p><b>Сары жапырақтарға толы ағаштарды бақылау.</b> Мақсаты. Балалардың көнілін жапырақтардың сары түсіне аудару, жапырақтардың түскенін байқату.</p> <p>Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады.</p> <p>Тыным бермей ешкімге,</p> <p>Жұлқылайды бәрінде.</p> <p>Үзіп жатыр,</p> <p>Жұлып жатыр</p> <p>Барлық сары жапырақты.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары:</p>	<p><b>Желді бақылау.</b> Мақсаты. Балаларды, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады.</p> <p>Тыным бермей ешкімге,</p> <p>Жұлқылайды бәрінде.</p> <p>Үзіп жатыр,</p> <p>Жұлып жатыр</p> <p>Барлық сары жапырақты.</p> <p>Түріп жатыр,</p> <p>Бүріп жатыр</p>	<p><b>Ақшыл бұлтты бақылау.</b> Мақсаты. Балаларға көгілдір, ақшыл бұлттарды байқауға үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге үксайтыны туралы баяндау, түйсігін, ойқиялын дамыту.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, аспанға қараңдаршы.</li> <li>- Бұлар не?</li> <li>- Иә, бұлар ақ бұлттар.</li> <li>- Ақшыл бұлттар, Құстар ұқсан қанат жаясындар.</li> <li>- Ақшыл бұлттар, Қайда ұшасындар?</li> <li>Д. Ахметова</li> <li>Еңбекке баулу</li> </ul>	<p><b>Күзгі ауа райын бақылау.</b> Мақсаты. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, құздің ауа райы бұлтты, салқын болуына көзіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, айналға қараңдаршы:</li> <li>- Аспанға қараңдаршы, сұр бұлттар ұшады.</li> <li>- Адамдарға қараңдаршы, ауа салқын, адамдар</li> </ul>

жатқанына көніл аударады. - Қарандаршы. - Жапырақтарға не болды? - Жапырақтар түсіп жатыр. <i>"Сап-сары жапырақтар".</i> - Сап-сары жапырақтар ... Сап-сары жапырақтар ... Саудырап қулап жатыр атырапқа. Біреудің жанарында, Біреудің табанында, Сап-сары жапырақтар жоғалуда. М. Мақатаев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.	балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.	Солғын тартқан гүлдерді. Бірақ сары жапырақ Қалмады жерде қурап, Желге көніп, амалсыз, Ұшып жатыр, шыр айналып. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке деген қызығушылықты тәрбиелеу. <b>"Қоңырауым қайда?" қимылды ойны.</b> Мақсаты. Балалардың белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. <b>"Жалауға жүгір" қимылды ойны.</b> Мақсаты. Балаларды көрсетілген белгі	тапсырмалары: балаларды گүлзарды қурап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке деген қызығушылықты тәрбиелеу. <b>"Қоңырауым қайда?" қимылды ойны.</b> Мақсаты. Балалардың белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. <b>"Жалауға жүгір" қимылды ойны.</b> Мақсаты. Балаларды көрсетілген белгі	жылы киінді. - Күзім-күзім, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық ау. К. Ыдырысов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Біз көнілді баламыз" қимылды жаттығуы.</b> Мақсаты. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру,
--	---	--	--	---

	ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Жапырақтар"</b> <b>қимылды</b> <b>жаттығуы.</b> Мақсаты. Педагог балаларды шенберге жинап, балаларға бір жапырақтан ұстасып, көркем сөзге сай қимылдарды көрсетеді. - Қанекей, балалар, жапырақтарды ұстап, менімен бірге қимылдайық. Педагог шенберде тұрған балаларға қолдарын жоғары көтеріп, оң-солға шайқалу, орнында айналу, жерге шоқайып отыру,	бұлғап, шақырайық, Шенберде бірге билеп, айналайық. - Мінеки, жапырақтар біздің бау-бақшада қандай әдемі ұшты, жерге қонды! Балаларды үстелге ертіп әкеліп, отырғызу. <b>"Шенберге дәлде"</b> <b>ойын жаттығуы.</b> Мақсаты: балаларда нысанана (құм салынған қап) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.	жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. - Балалар, жалаулармен ойнайықшы. Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңың үш бағытына қадап қояды. - Балалар мына жалаулардың түстерін атайды.	алады, Қоңырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алыш сыңғырлайды. Педагог келесі жолы қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. <b>"Аюдын</b> <b>орманында"</b> <b>қимылды жаттығу.</b> Мақсаты: балалардың бір- біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды. - Қанекей, балалар, тұзу тұр! - Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір!	жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. - Біз көнілді балалармыз, Қатар-қатар тұрамыз, Көтереміз иықты, Бакылаймыз жан- жақты. Жүріп-жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай! <b>"Көлшіктен өт"</b> <b>қимылды</b> <b>жаттығуы.</b> Мақсаты: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе- тендік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.
--	---	---	---	---	--

	<p>тұру, қымылдарды қайталауды көрсетеді.</p> <p><b>"Ирелендерген жолдармен" ойын жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелендерген сызықтардың бойымен жүргүре жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.</p>	<p>Педагог даусыс күшін шамалы қолданады, балалардың бір- біріне соғылып қалмауын ескереді.</p> <p><b>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар.</p> <p>Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету.</p>	
<b>Серуенниен оралу</b>	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.		
<b>Түскі ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.		
<b>Күндізгі үйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу;		
<b>Бірте-бірте тұрғызу,</b>	Ауа ванналары.		

<b>сауықтыру шаралары</b>	<p>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру.</p> <p>"Қолдарымыз қайда?</p> <p>Шығарайық алға. Жеңімізді түрлейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза.</p>
<b>Бесін ас</b>	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.</p>
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарастыру және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.</b> "Жемістер мен көгөністер". Мақсаты. Балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру; күзде өсетін жемістер мен көгөністер атауларымен таныстыру; күз ерекшеліктері мен құбылыстары жөнінде білімдерін көңейту. Балалардың</p> <p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу.</b> "Жапырақтар түсіп қалды". Мақсаты. Балаларды біркелкі заттар мен геометриялық пішіндерді ортақ пішініне қарай біріктіруге және ажыратуға үйрету; пішіндер қасиеттерін қоршаған ортадағы заттар арасынан тауып алыш, бөлуге жаттықтыру;</p> <p><b>Саусақ жаттығуы.</b> "Құлыштар". Мақсаты. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.</p> <p><b>"Киюді үйрену" атты мультфильмін көрү.</b> Мақсаты. Бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; киіну тәртібін есте сақтап, дұрыс ынталандыру.</p> <p><b>"Сары күнге ұқсан" қимылды жаттығуы.</b> Мақсаты. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. - Сары күнге ұқсан (қол белде, басты онға-солға шайқау),</p>

<p>жемістер мен көгөністер атаулары арқылы қабылдау қабілеті мен тілін, ой-өрісі мен есте сақтауын дамыту. "Жеміс-көгөніс" дидактикалық ойны.</p>	<p>пішіндерді, үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сүйеніп, ортак қасиеттер бойынша біріктіру, бөлу тапсырмаларын орындауға дағдыландыру; айырмашылығы мен үқастығы жақын</p>	<p>үқалау) Арасына өткізіп, (Алақан саусақтарын бір-бірінің арасынан өткізу) Мықты құлыштар жасайық. (Кос қолды жұдырыққа қысу, "құлыш" жасау)</p>		<p>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там- там" (алақанды саусақпен соғы).</p>
<p><b>Саппен жүру жаттығуы.</b> Мақсаты. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе- тендікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады. - Алдымызда ұзынша Жайылып тұр</p>	<p>пішіндерді (домалақ пен сопақша) салыстыра білу қабілеттерін қалыптастыру. "Кімде не бар?" дамытушы ойны.</p> <p><b>"Жапырақтарды жинайық"</b> <b>дидактикалық оийны.</b></p> <p>Мақсаты. Балаларды жапырақтарды түстеріне қарап ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары жапырақтарды</p>			

	жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ бол. Д. Ахметова	екіге бөліп, екі сепетке салуға үйрету. Құралдар: сары және қызыл жапырақтар, екі себет (ұлken және кішкентай).			
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Саусақ жаттығуы. "Ұшты талдан жапырақ". Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. М. Әлімбаев	-Алдыныңда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ бол. Д. Ахметова	Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". Жаңбыр жауса – тұрмайық, Қолға шатыр алайық Там-там – соқса тамшылар, Жамылып, отырайық. Д. Ахметова	Ермексаздан шамасы бірдей кесектерді жұлу амалын игерту. "Жапырақтар".	Саусақ жаттығуы. "Құлыптар". Саусақтарды ойнатайық, Бір-біріне уқалайық. Арасына өткізіп, Мықты құлыптар жасайық. Д. Ахметова
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалалауыш арқылы табуға үйрету. ( <b>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту</b> )				
<b>Серуен</b>	Алта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. ( <b>қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика</b> )				
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуда машиқтандыру. ( <b>дербес қимыл әрекеті</b> )				
<b>Кешкі ас</b>	Тағамның атаяны есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза				

	<p>ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b>)</p>
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарапу және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертеғілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.</p> <p>Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік).</p> <p>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.</p> <p>Бауды байлау ойынықтармен ойындар.</p> <p>Мақсаты: балалардің ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ән салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру.</p> <p><b>Саусақ жаттығуы. "Ұшты талдан жапырақ".</b></p> <p>Мақсаты. Балада жапырақтардың жерге түсіү туралы ұғымдарын қалыптастыру, тілін, қолдың моторикасын; жаттығуларды жасауда жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.</p> <p>Ұшты талдан жапырақ</p> <p>Сары көбелек секілді.</p> <p>Аспанда жай шатырлап,</p> <p>Тамшы жерде секірді.</p> <p>М. Әлімбаев</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)</b></p>
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b>	<p>Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшага апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға қоршаған заттардың атын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері".</p>